

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 9

18.09.2025 жыл

Жолдардың сапасы, қоғамдық көлік қызметінің жай-күйі және ауданның қысқа дайындық шаралары туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жолдардың сапасы, қоғамдық көлік қызметінің жай-күйі және ауданның қысқа дайындық шаралары туралы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ш.Габбасовтың баяндамасы мақұлданды.

2. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ш.Габбасовқа:

1) Жол құрылысы жобаларын жоспарлау кезінде экономикалық тиімділікті қарастыру;

2) Ауылдық округтерден аудан орталығына қатынайтын қоғамдық автобустарды ұйымдастыру;


3) Автобекет салу мәселесін аудандық даму жоспарына енгізу;

4) Жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаражаттың уақытылы игерілуін қамтамасыз ету, материалдар бағасының өсуіне байланысты қаржы тапшылығы болдырмау;

5) Жаңа жол құрылыстарында суағар жүйелерін толық қарастыру ұсынылсын.

3. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 9/1

18.09.2025 жыл

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар туралы:

1) Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Серікқалиеваның;

2) Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы А.Үсенқызының хабарламалары мақұлдансын.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Серікқалиеваға:

3. Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімінің басшысы А.Үсенқызына:

Мемлекеттік қызметтер бойынша жұмыстарды сапалы және уақтылы жүргізу, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын қатаң сақтау, қызмет алушылардың өтініштеріне жедел жауап беру арқылы олардың қанағаттану деңгейін арттыру, халық арасында көрсетілетін қызметтер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, мемлекеттік қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында қызметкерлердің кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру ұсынылады.

4. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев